

Жүзу құралдарының есепке алынуын, тіркелуін, қозғалысын және Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттеріндегі режимді реттеуді қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Атырау облысы әкімінің шешімі 2001 жылғы 26 қыркүйектегі N 310 Атырау облысының әділет басқармасында 2001 жылғы 1 қарашада N 646 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 2012 жылғы 19 наурыздағы № 12 қаулысымен.

Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 2012 жылғы 19.03.№ 12 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 4 қаңтардағы N 20 P940020_ "Жүзу құралдарының, мұз үстімен қозғалыс жасайтын құралдардың орналасқан жерлерінен сапарға шығуына (жіберілуіне) құжаттар ресімдеу туралы нұсқаулықты бекіту, және айлақтарды, кемежайларды және жүзу құралдары орналасқан пункттерде, мұз үстімен қозғалатын құралдарды жабдықтау тәртібі және Қазақстан Республикасы мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттеріндегі шекаралық режим ережелері туралы" қаулысын орындау ү ш і н ш е ш і м е т е м і н :

1. Ұсынылып отырған Ережелер бекітілсін:

Қазақстан Республикасы Атырау облысы аумағында жүзу құралдарының, мұз үстімен қозғалыс жасайтын құралдардың орналасқан жерлерінен сапарға шығуына (жіберілуіне) құжаттар ресімдеу және айлақтарды, кемежайларды, жүзу құралдарын, мұз үстімен қозғалыс жасайтын құралдарды жабдықтау тәртібі жөніндегі ережелер (тіркеледі).

2. Атырау шекара отряды (Қожағалиев Р.Х.), кеден басқармасы (Дүйсебаев С.Д.) облыс аумағында орналасқан өткізу пункттеріндегі режимді қамтамасыз ету жөнінде шаралар алсын.

3. Көлік бақылау басқармасы (Құрманғалиев Е.Г.):

1) жүзу құралдарын, мұз үстімен қозғалыс жасайтын құралдарды есепке алсын және тіркеуден өткізсін;

2) олардың иелік түрін ажырату үшін белгіленген тәртіппен берілген тіркелу нөмірлерін жазып қойсын.

4. Қала және аудандар әкімдері, меншік нысанына қарамастан, өз балансында жүзу құралдары, мұз үстімен қозғалыс жасайтын құралдары бар шаруашылық жүргізуші субъектілер 2002 жылғы 1 қаңтарға дейін мерзімге айлақтарды,

кемежайларды, кемелердің орналасу пункттерін белгіленген тәртіппен жабдықтасын, олардың күзетін, шекара әскерлері бөлімшелерімен телефондық немесе радиобайланысын қамтамасыз етсін.

5. Облыстық әкімшілік басшысының 1994 жылғы 13 сәуірдегі N 103 "Жүзу құралдарын, мұз үстінен қозғалыс жасайтын құралдардың орналасқан жерлерінен сапарға шығуына (жіберілуіне) құжаттарды рәсімдеу тәртібі және айлақтарда, кемежайларды, кеме орналасу орындарын және жүзу құралдарын орналастыру пункттерін мұз үстінде қозғалыс жасайтын құралдармен жабдықтау тәртібі туралы нұсқауларды және Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасынан өту пункттерінде шекара тәртібінің ережелерін бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп есептелсін.

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімі аппаратының басшысы М. Өтешовке жүктелсін.

Облыс әкімі

Облыс әкімінің
2001 жылғы 26 қыркүйектегі
N 310 шешімімен бекітілген

Қазақстан Республикасы Атырау облысы аумағында жүзу құралдарының, мұз үстімен қозғалыс жасайтын құралдардың орналасқан жерлерінен сапарға шығуына (жіберілуіне) құжаттар ресімдеу және айлақтарды, кемежайларды, жүзу құралдарын, мұз үстімен қозғалыс жасайтын құралдарды жабдықтау тәртібі жөніндегі ЕРЕЖЕЛЕР

1. Аудандар, қала, поселкелер, селолар (ауылдар) аумағында, шекаралық аймақ белгіленбеген шекаралық әскерлер күзететін Каспий теңізінің жағалауында меншік түріне қарамастан кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар және азаматтар иелігіндегі балық аулау, аңшылық, ғылыми-зерттеу, спорттық және басқа өзі жүретін және өздігінен жүрмейтін кемелер, сонымен бірге мұз үстімен қозғалыс жасайтын (аэрошаналар, желкенді кемелер, моторлы шаналар), құралдар белгіленген тәртіппен кемежай қадағалауы органдарында және шағын сыйымдылықтағы кемелер, мұз үстімен қозғалыс жасайтын құралдар бойынша инспекцияларда тіркелуден өтуден басқа жақын орналасқан шекара әскері бөлімшелерінде тіркелген болуы керек. Ол туралы кеме иелерінің тіркелу құжаттарында айрықша мөртаңба қойылады.

Көрсетілген кемелер, мұз үстімен қозғалыс жасайтын құралдар белгіленген кемежайларға, аймақтарға және өзі орналасқан пункттерге тіркелуі және олар үшін тұрақты аялдайтын орны болуы керек.

Ол кемелердің иелік түрін тану үшін иелері шағын қайықтың тұмсық жағына және артына берілген тіркелу нөмірінің және жазбаларды жазады. Бұл кемелердің иелігін әуеден тану үшін кемеңі басқару орнының (рубканың)

жоғарғы бөлігінде, кеме жақтауларында, ал желкенді және ескекті қайықтарда, мұз үстімен қозғалыс жасайтын құралдарда-тұмсық жағында арнайы жабдықталған алаңшаларда нөмірлері жазылып қойылуы керек. Құтқару құралдарында (шлюпкалар, дөңгелектер, белдіктер және т.б.), желкендерде, осы кемелерде, мұз үстімен қозғалыс жасайтын құралдарда индекстері мен нөмірлері б о л у ы к е р е к .

2. Өз бетімен жүретін және өздігінен жүрмейтін кемелермен, мұз үстімен қозғалыс жасайтын құралдармен шекара әскері күзететін теңіз жағалауына азаматтардың уақытша келіп-кетуін ең жақын шекара әскері бөлімшелерінде кеме иелері уақытша есепке қоюы керек және белгіленген айлақтарда, кемежайларда, тұрақты орналасқан орындарда болуы керек.

3. Кемежайлар, айлақтар (орналасу орындары) мүдделі кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдардың шекара әскерімен келісілген ұсыныстар бойынша қаланың, аудандардың, поселкелердің (ауылдардың) тиісті әкімияттары белгіленген жерлерде орнатылады.

Кеме жайларда, айлақтарда (орналасу орындары) аумағына бөгде адамдардың кіріп кетпеуі үшін олардың қоршайтын дуал, жүзу құралдары үшін бекеттер, суда және жағада сақталатын мұздан өту құралдары, ескектер, желкендер, аспалы моторлар сақтауға арналған үй-жайы, аймақ сақшысының немесе күзетшінің үйшігі, жанар-жағар материалдар қоймасы, застава немесе шекара әскерлерінің басқа құрылымдарымен байланыс, пайдаланылатын жүзу құралдарын сақтау орны, айлақ нөмірімен көрсеткіш болуы қажет.

Барлық жүзу құралдарына, мұз үстінде жүру құралдарына құлып салынады, оны кілттері, күзетшіде арнаулы жәшікте сақталады. Меншік түріне қарамастан кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар белгіленген тәртіпте орналасу пункттері мен айлақтарды, кемежайларды жабдықтауға, олардың қорғауын және шекара әскерлерінің құрылымдарымен байланысын қамтамасыз етуге міндетті. Осы объектілерді күзетуге байланысты жұмысқа азаматтардың қабылдау ісі шекара әскерлерімен келісіледі.

4. Белгіленген кемежайлардан, айлақтардан (орналасу орындарынан) тыс жерлерде және сол үшін бөлінген орындарда өздігімен жүретін және өздігімен жүрмейтін кемелерді және жүзбелі құралдарды, мұз үстімен қозғалыс жасайтын құралдарды сақтауға және тоқтатуға, адамдарды мінгізуге мен түсіруге, жүктерді тиеу мен түсіруге апатты жағдайлардан басқа кезде тыйым салынады.

5. Өздігімен жүретін және өздігімен жүрмейтін кемелердің мұз үстімен қозғалыс жасайтын құралдардың теңізге және шекара өзендерінің, көлдердің және басқа су тоғандарының қазақстандық бөлігіне шығарылуы шекара заставасымен (шекара әскерлерінің құрылымымен) барлық жағдайда шекара отряды бастығының немесе оның орынбасарының белгіленген жерлерге белгілі

уақытқа берілген жазбаша рұқсаты негізінде жүзеге асырылады.

6. Шекаралық кеме жүзетін өзендерде, көлдерде және басқа су тоғандарда балық аулау Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдеріне сәйкес жүргізіледі. Шекаралық кеме жүзбейтін өзендерде, көлдер мен су тоғандарында балық аулауға ерекше жағдайларда ғана рұқсат етілуі мүмкін. Барлық жағдайда балық аулауға шекаралық отряд бастығының жазбаша рұқсатнамасы беріледі.

7. Әуесқой балықшылардың туристердің, спортшылардың сондай-ақ жергілікті тұрғындардың теңізге шығуына шекарадағы өзендердің, көлдердің және өзге де су тоғандарының қазақстандық су бөліміне оның ішінде су астынан балық аулауға шығуына тәуліктің жарық мезгілінде шекара отряды бастығының немесе оның орынбасарының жазбаша рұқсаты негізінде және тіркелген өздігінен жүретін, өздігінен жүрмейтін құралдарға мұз үстінде жүруге арналған құралдарға ғана қараңғы түскенге дейін белгіленген айлықтарға кемежайларға (орналасқан орындарына) оралатындай етіп барлық жағдайда берілетін рұқсаттамалар бойынша рұқсат етіледі.

8. Меншік түріне қарамастан ұйымдармен, мекемелермен, кәсіпорындармен дайындалған, басшылары қол қойған және Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі және ішкі істер аудандық органдарда келісілген тізімдер жазбаша рұқсат болып табылады.

9. Тізімдер 4 данада мынадай нысана бойынша рәсімделеді:

- 1) рет саны бойынша нөмірі;
- 2) аты - жөні, тегі;
- 3) төлқұжат нөмірі, сериясы;
- 4) туған жылы мен жері;
- 5) тіркелген жері;

6) келген пункті (жұмыс үстемеге, кәсіпшілікпен айналысуға, балық аулауға).

Тізімдерді - шекара отрядының бастығы бекіткен сәтінен бастап 6 ай мерзімінде күшінде болады.

10. Бекітілген тізімдер негізінде шекаралық заставаның бастығы рұқсатнаманы толтырып, кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер басшыларына қол қойғызып береді. Жұмыс біткен соң немесе рұқсатнамалар қолданылатын мерзімі аяқталған соң олар алынған жеріне тапсырылады.

11. Айлақтардан, кемежайлардан (орналасу орнынан) жүзу құралдарын, мұз үстімен қозғалыс жасайтын құралдардың тікелей сапарға шығарылуын шекара нарядтарымен мынадай құжаттары:

1) тіркелу туралы шекара әскерлерінің бұрыштамасы қойылған осы құралды басқару құқына куәлік;

2) экипаждың әр мүшесінің тұлғасын куәландыратын құжаттары;

3) кәсіпорын басшысының қолы қойылғаны, мөрі соғылған кеме экипажының

(балықшылардың) тізімі немесе шекаралық застава бастығымен берілген
р ұ қ с а т н а м а ;

4) таным белгілер, тіркеме нөмірі немесе жазылымдары болған жағдайда
ж ү з е г е а с ы р а д ы .

Бұдан басқа, балықты аулауға шығатын тұлғаларда балық аулауға
л и ц е н з и я с ы б о л у ы қ а ж е т .

12. Жүзу құралдардың, мұз үстінен қозғалыс жасайтын құралдардың есебін
шекара нарядтары, заставалар және кеден қызметтерімен арнайы журналдарда
ж ү р г і з е д і .

13. Шекара әскері қорғайтын шекара өзендер, көлдер мен басқа су тоғандар
жағаларындағы теңіз жағалауындағы демалуға, шомылуға арналған, суға түсу
орындары, оларды жабдықтау және пайдалану тәртібі шекара әскерлерімен
келісіп аудандар, қала әкімдері айқындайды.

М а м а н : Е р ж а н о в а К . С .